

instagram.com›aktogai_kitaphana_/
facebook.com›okj.akt/
biblioteka-aktogai.gov.kz

*Қарағанды облысы*
*Ақтоғай ауданы*
*Орталықтандырылған кітапхана жүйесі.ММ*
*Ақпараттық-библиографиялық бөлімі.*
*Құрастырушы: Шапибай А.С*



# Тәкен Әлімқұлов
# (1918–1987)
# туғанына 115 жыл

**Ақтоғай-2023**

## Тәкен Әлімқұлов
ақын, жазушы, әдебиет

***Төлеңгіт руынан***
***шыққан. Мәскеудегі Әдебиет ин-***
***ститутын бітірген (1953).***

***1936 – 1945 жылдары***

***Шымкент қорғасын зауытын-***
***да, Донецк облысында жұмыс***
***істеді. 1945 – 1974 жылдары***
***«Оңтүстік***
***Қазақстан» газетінде жауапты***
***хатшы, Лениншіл жас» (қазіргі***
***«Жас Алаш») газетінде бөлім***
***меңгерушісі, КСРО және Қазақс***
***тан Жазушылар одағында әдеби***
***кеңесші қызметтерін атқарды.***
***1974 жылдан өмірінің соңына***
***дейін шығармашылық жұмыспен***
***айналысты .***

**Шығармалары:**

***1945 жылдан жариялана бастады. Алғашқы өлеңдер жинағы «Сапар» 1950 жылы жарық көрді. «Жазғы жаңбыр» (1964), «Қаратау өрнектері», «Туған ауылда» (1968), «Боз жорға» (1969), «Күрең өзен» (1971), «Кертолғау» (1973, 1990), «Шежірелі сахара» (1976), «Көкек айы» (1982) атты әңгімелер мен повестер жинағы, «Ақ боз ат» (1962, орыс тілінде 1968), «Тұлпардың тағдыры» (1975), «Ел мен жер» (1978), «Замана екпіні» (1982) романдары шықты. Жазушы шығармаларының негізгі тақырыбы ауыл тіршілігі, адам тағдыр ы, өнер қайраткерлерінің өмірі. Абай Құнанбаев туралы «Жұмбақ жан» (1978) атты зерттеу еңбегін жазды. «Өткен мен қазіргі» (1958), «Көк қаршыға» (1972), «Бар өмір алда» (1974), «Сырлы наз» (1984) кітаптары орыс тілінде жарық көрді. М.Ю. Лермонтовтың «Измаил бей» поэмасын (1951), П.Павленконың«Бақыт» (1950), Г.Николаеваның «Орақ үстінде» (1952) романдарын, Э.Сент-Экзюперидің «Кішкентай шаһзада» ертегісін, сондай-ақ А.С. Пушкиннің, В.В. Маяковскийдің, Г.Низамидің өлең дерін қазақ тіліне аударды .***

